

**Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 274/40-5 " Целиноград ауданының шекараларында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 наурыздағы № 9/1-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 сәуірде № 5306 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 86/10-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 23.12.2016 № 86/10-6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданының шекараларында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2015 жылғы 25 ақпандағы № 274/40-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4720 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде "Вести Ақмола", " Ақмол ақпараты" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын: "Целиноград ауданының шекараларында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы";

көрсетілген шешімге кіріспеде "387-бабы 1-1-тармағына" сөздері "386-бабы 5 -тармағына" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*Б.Ибраев*

*Целиноград аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Жанбаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Целиноград ауданының әкімі*

*М.Тәткеев*

**28.03.2016**

*"Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Мемлекеттік кірістер  
комитеті Ақмола облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер департаментінің  
Целиноград ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы*

*А.Жантеміров*

**28.03.2016**